



БҰЙРЫҚ

27.08.2022 ж. № 106/1

Ақтау қаласы

ПРИКАЗ

№ _____

город Актау

Алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәнінің басталуы туралы

Қазақстан Республикасының «Әскери міндеттілік пен әскери қызмет туралы» заңына, ҚМ № 347 бұйрығына және Маңғыстау облыстық Білім басқармасының 12. 07.2017ж. 2018 жылдың 01 қыркүйегінен бастап 1 курс студенттерімен алғашқы әскери дайындық пәні жүргізіледі. Алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәнінің және студенттерге әскери-патриоттық тәрбие беру деңгейін көтеру мақсатында

БҰЙЫРАМЫН:

1.1 АӘТД пәнінің мұғалім-ұйымдастырушысы бағдарламасына және қалалық білім бөлімі мен қалалық қорғаныс істері жөніндегі басқарманың нұсқауына сәйкес АӘТД пәнінің апталық жоспарын және жеке жұмыс жоспарын 31 тамызға дейін бекіттіруге ұсынсын.

1.2 Бөлім және бөлімше командирлерінің тағайындалуы туралы бұйрықтың жобасын 20 қыркүйекке дейін тапсырсын. Жылдық тәрбие жоспарына енгізу үшін АӘТД пәні бойынша оқу-материалдық базаны нығайту жөніндегі және әскери-патриоттық тәрбие беру жұмысы мен кластан тыс шараларды ұйымдастыру туралы ұсынысын әскери жетекші 31-ші тамызға дейін тапсырсын.

1.3 Студенттердің атыс даярлығы бойынша білімі мен шеберлігін арттыру мақсатында атыс даярлығын жүргізетіні тир жасақталсын.

1.4 Оқу-материалдық базаны нығайту және сабаққа даярлық деңгейінде ұстау үшін оның объектілері бөлімше студенттерге бекітіліп берілсін. Объектілерді бөлімшелерге бекіту схемасы тәулік кезекшісінің құжатында көрсетілсін. Оқу жылының басында, ортасында және аяғында дене шынықтыру пәнінің мұғалімімен біріге отырып 1 курс студенттері ер балалардың дене даярлығының деңгейін анықталсын.

2. АӘТД пәнінің мұғалім-ұйымдастырушысы мен мед-санитарлық пәнінің мұғалімі сабақтың басында, студенттерді екі қатарлы сапқа тұрғызып және әрбір сабаққа арналған қауіпсіздік ережелерін түсіндіруден бастасын.

3. Дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері оқушылардан саптық кимылдарды дұрыс орындауын талап етсін. Оқушыларға бұйрықтарды беру, сапқа тұрғызу ҚР Қарулы Күштерінің саптық жарғысына сәйкес жүзеге асырылсын. Дене шынықтыру снарядтарына келу және кету әдістері ҚР Қарулы Күштерінің дене шынықтыру туралы нұсқауына сәйкес болуы шарт.

4. АӘТД пәнінің мұғалім-ұйымдастырушысы, мед-санитарлық пәнінің мұғалімі, дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері сабақ жүргізу кезінде және сабақтан тыс шараларды өткізу кезінде оқушылардан тәртіп пен бір-бірімен қарым-қатынас этикасын және ұқыпты киінуін талап етуі қажет. Студенттерге туған жер мен Отанды қорғау туралы конституциялық міндетін ескертіп, оған жан-жақты дайындалу қажеттігін түсіндіруі қажет. Әскери қызмет кезіндегі әртүрлі қиындықтарды өткеру кезіндегі психологиялық ұстамдылыққа, шыдамдылыққа тәрбиелеу қажет. Студенттердің әскери-спорттық мерекесі мен «Жас Ұлан» сайыстарының финалдық ойындары сәуір-мамыр айларында өткізілсін.

5. Колледждің барлық педагогикалық ұжымына студенттерді оқыту және әскери-патриоттық тәрбие беру барысында болашақ әскери қызметкер мен Отан қорғаушы азаматты тәрбиелеу міндеттеледі. АӘТД пәнінен, дене шынықтыру пәнінен, мед-санитарлық даярлық пәнінен, алған білімдерін бекітуге жан-жақты көмек көрсетуі қажет.

6. АӘТД пәні жүргізілетін студенттерге төмендегі киім үлгілері міндеттелсін:

№ 1. Сыныпта сабақ өткізуге арналған ер балдарға қара костюм шалбар әскери көйлек, қара аяқ киім, қыздарға әскери көйлек, қара асты, қара аяқ киім.

№ 2. Саптық даярлық сабағын өткізуге арналған ер балдарға қара шалбар әскери көйлек, қара аяқ киім, қыздарға әскери көйлек, қара шалбар, қысқа табанды қара аяқ киім.

7. Аптаның әрбір жұма АӘТД пәнінің мұғалім-ұйымдастырушысы үшін әдістемелік күн болып белгіленсін. Жұма «Жас ұлан» тобымен жұмыс күні болып белгіленсін.

8. Әскери-патриоттық тәрбие деңгейі мен әскери дайындықтың деңгейін көтеру үшін кітапхана меңгерушісі «Қалқан», «Қазақстан сарбазы» газеттеріне, «Алғашқы әскери даярлық» журналына жазылуды қамтамасыз етсін.

9. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары бұйрықтың мәтінін колледждің мұғалімдер ұжымы мен студенттерге, оқу жылының басталуына орай өткізілетін салтанатты жиында оқып жеткізсін.

10. Осы бұйрықтың атқарылуын бақылауды өз міндетіме аламын.

Директор



М.Н. Утебаев